

МАЗМҰНЫ:

I. ЖЫНЫСТЫҚ ЖЕТІЛУ	2
II. ЖАУАПТЫ СЕКСУАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ.....	4
III. ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОНТРАЦЕПЦИЯНЫҢ ӘДІСТЕРІ.....	6
IV. БӘРІ ДЕ МҮШЕҚАПТАР ЖАЙЛЫ	8
V. ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛДАРМЕН БЕРІЛЕТІН ЖҰҚПАЛАР (ЖЖБЖ).....	9
VI. АИТВ ЖӘНЕ ЖИТС.....	10

I. ЖЫНЫСТЫҚ ЖЕТІЛУ

1. ӨТПЕЛІ ЖАС ДЕГЕН НЕ?

Баланың есейіп, әр түрлі өзгерістерге ұшырау кезеңі өтпелі жас деп аталады.

2. ЕТЕККІР ЖӘНЕ ЕТЕККІР ЦИКЛЫ ДЕГЕН НЕ?

Етеккір циклы –жатырдың ішкі қабатында (эндометрия) және аналық жыныс бездерінде бірдей уақыт аралығында (орта есеппен 28 күн аралығында) болатын өзгерістер жиынтығы. Етеккірдің бірінші күні етеккір циклының алғашқы күні болып есептеледі. Етеккірдің себебі – жатырдың ішкі қабатының ашылуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, ол кезде біршама қан бөлінеді. Етеккірден кейін аналық жыныс безінде жаңадан аналық безінің жасушалары өсіп жетіледі, ал жатыр мүмкін бола алатын жүктілікке дайындала бастайды.

3. ҚЫЗДЫҚ ПЕРДЕ ДЕГЕН НЕ?

Қыздық перде – қынапқа кірер жолды жауып тұратын шырышты қабықтың қабаты. Онда етеккір кезінде қан шығатын бір ғана тесік болады. Алғашқы жыныстық қатынас кезінде перде жыртылып, әдетте, аздап қан бөлінеді де ауырсыну сезімдері байқалады.

4. НЕ СЕБЕПТІ КЕЙБІР ЕР БАЛАЛАРДЫ СҮНДЕТТЕЙДІ?

Кейбір діндерде және де Ислам дінінде дәстүр бойынша ер баланы сүндеттейді, ол дәстүр гигиеналық ұғымдарға негізделген. Жыныс мүшесінің бас жағы мен шеткі қалташаларына смегма жиналады. Кез-келген биологиялық сұйықтық тәрізді ол да инфекцияның (жұқпа) көбеюіне қолайлы орта болып табылады. Мұндай қолайсыздықтарды болдырмас үшін, жыныстық мүшенің шеткі жақтарын әрдайым жылжытып отыру және смегманы жиі шайып отыру қажет. Сүндеттелгеннен кейін мұқият күтім жасамауға да болады. Сондай-ақ, сүндеттелген еркектер АИТВ-жұқпасын жұқтыруға қарсы тұра алатындығы жақында анықталды.

5. АҚ ТҮСТІ БӨЛІНУЛЕР НЕМЕСЕ АҚ ЕТЕККІР ДЕГЕН НЕ?

Ақ етеккір – қынапты қорғайтын және ылғалдандыратын ақ-сары түсті бөлінулер. Ондай бөлінулер овуляция (аналық жыныс безінен аналық

без жасушаларының жетіліп шығуы) кезінде көптеп шығады және ол процесс тікелей етеккірдің алдында болып өтеді. Ақ бөлінулер қынаптың қалыты жағдайын сақтап тұруға қажет. Бөлінулердің мөлшерінің көбеюі немесе олардың сыртқы түрінің өзгеруі қабыну белгілері болуы мүмкін, бұл жағдайда дәрігерге көріну қажет.

6. МЕН ӨЗІМДІ ЕТЕККІРДІҢ КЕЛУІНЕ ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАУЫМА БОЛАДЫ?

Мұндай қолайсыз жағдайлардың алдын алу үшін, өзіңмен бірге әрқашанда бір төсеме алып жүруіңе болады. Егер медициналық бөлмеде болсаң, мұғалімнен немесе қандай да бір сыныптасыңнан (қыз) сұрауға тура келетін болса, сұрауға ұялма.

7. ЕТЕККІР КЕЗІНДЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ЖУЫНУ ҚАЖЕТ?

Ауа мен микробтардың әсерінен етеккір қаны ыдырай бастайды, жағымсыз иіс пайда болады – сол себепті, етеккір кезінде жыныс органдарын таза ұстау өте маңызды. Бұл жағдайды мүмкіндігінше, сен төсемелерді әр кез ауыстырған сайын орындап отыр, бірақ, міндетті түрде таңертең және кешке ағынды сумен артқы жақтан алдына қарай суды бағыттап жуынып жүр.

8. ЕТЕККІР – БҰЛ АУЫРА МА?

Етеккірдің алғашқы күндері Сенің ішіңнің төменгі жақтарының ауыруы байқалады. Бұл - жатыр бұлшықеттерінің қысқаруының нәтижесін білдіреді. Қатты ауырсыну байқалатын болса, дәрігердің көмегіне жүгіну керек.

9. ЕТЕККІР КЕЗІНДЕ СУДА ЖҮЗУГЕ ЖӘНЕ СПОРТПЕН ШҰҢҒЫЛДАНУҒА БОЛА МА?

Әдетте, етеккір спорттық жаттығуларға әсер етпейді. Егер Сен өзінді жаман сезінсең, жаттықтырушымен немесе дене шынықтыру сабағының мұғалімімен ақылдас. Жаттығудан (дене жаттығуы, би) бұрын төсемелерді ауыстырып алғаның жақсы болады.

10. ЕТЕККІР КҮНТІЗБЕСІ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Әр ай сайын етеккірдің келу күндерін күнтізбеде белгілеп отырудың маңызы зор. Себебі, сен сол күнтізбе арқылы етеккір циклының ұзақтығын және келесі етеккір циклына дейінгі уақыт аралығының ұзықтығын бақылап отырасың. Бұл саған ыңғайсыз жағдайларды алдын алуға және келесі төсемелерді сатып алуға, сапарға шығуды жоспарлауға көмектеседі.

II. ЖАУАПТЫ СЕКСУАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

1. ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ НЕШЕ ЖАСТАН БАСТАУҒА БОЛАДЫ?

Ол жағдай әрбір адамның жеке басына байланысты шешіледі. Бірақ, ерте басталған жыныстық өмір, ерте отбасын құру - әлі жетілмеген, буыны қатаймаған жас ағзаға тым жоғары талаптар жүктейтіндігін жастардың білуі қажет.

Адамзаттың сан ғасырлық тәжірибесіне негізделген репродуктивті (өсіп-өну) қабілетті сақтау мақсатындағы некеден тыс жыныстық қарым-қатынастан бас тарту - қоғам тарапынан дәстүрлі түрде қолдау тауып отырады. Қазақстанның Заңнамасына сәйкес некеге тұру жасы 18 жасты құрайды.

2. НЕЛІКТЕН ЖЫНЫСТЫҚ ӨМІРДІ ЕРТЕ БАСТАУҒА АСЫҚПАҒАН ДҰРЫС?

Бұл жағдайға себептер жеткілікті. Біріншіден, жыныстық өмір қалаусыз жүктіліктің пайда болуымен қауіпті. Екіншіден, жүктіліктің өзі буыны қатаймаған жас ағзаға, сондай-ақ, ана мен іштегі нәресте өміріне қауіп төндіретін асқынуды тудыруы мүмкін. Үшіншіден, жүктілік болашақ сәби үшін әлеуметтік жауапкершілікті жүктейді (сен оны бағуға, тәрбиелеп өсіруге, оқытуға дайынсың ба?). Төртіншіден, некеден тыс жыныстық қатынастар - жыныс жолдарымен берілетін жұқпалармен (ЖЖБЖ), мысалы: АИТВ қоздырғыштары, мерез, соз ауруы, хламидиялық жұқпаларымен жұғу қауіпімен ұштасады. Көптеген жұқпалар белгілерсіз өтеді, дегенмен, әйелдерде де, ер адамдарда да бедеулік пайда болады. Статистика бойынша Қазақстанда әрбір алтыншы ерлі-зайыпты жұп бедеулікке ұшыраған.

3. ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСПЕН АЙНАЛЫСҚАНДА ҚАЖЕТСІЗ ЖҮКТІЛІК ПЕН ЖЖБЖ-ДАН ҚОРҒАНУ МҮМКІН БЕ?

Мүшеқап тәрізді сақтану әдістерін дұрыс қолданғанда ғана, 100% болмаса да 99% қорғануға кепілдік болады. Мүшеқапты қолдану арқылы жасалынған секс - қауіпсіз секс болып саналады. Бірақ, сіз серігіңізді мүшеқапты қолдану қажеттілігіне көндіре алмасаңыз, жай ғана секстен бас тартуыңызға болатындығын естен шығармаңыз. Серігіңізге бұл мәселені басқа уақытта талқылауды ұсынуыңызға болады.

4. МЕН ДӘРІХАНАДАН МҮШЕҚАП САТЫП АЛУҒА ҰЯЛАМЫН

Егер де сіз өркениетті қоғамның мүшесі болсаңыз, онда сіз үшін мүшеқап сатып алу сағыз немесе аспирин сатып алу сияқты оңай болмақ.

5. ЖҮКТІ БОЛУҒА МҮМКІН БОЛАТЫН «ҚАУІПТІ КҮНДЕР» ДЕГЕН НЕ?

«Қауіпті» күндер – бұл басқа жағдайларға қарағанда жүкті болу мүмкіндігі артатын етеккір циклының кезеңі. Әйел адам овуляция кезінде және оған дейінгі 3-4 күнде немесе одан кейінгі 3-4 күнгі кезеңде жүкті бола алады. Бір цикл кезеңінде бір ғана аналық жыныстық жасуша бөлініп шығады, бұл келесі жаңа етеккір циклына дейін шамамен 14 күн ішінде болады.

Әйел жүкті болу үшін тіршілікке икемді ұрық жасушасы мен сперматозоидтың бірігуі қажет (яғни, ұрықтану болады), жасушаның кейінгі бөлінуі және жатырдың сілемейлі қабықшасына бекітілуі іштегі болашақ нәрестенің жетілуіне негіз болады.

6. ЕТЕККІР КЕЗІНДЕ СЕКСПЕН АЙНАЛЫСУҒА БОЛА МА?

Медицина тұрғысынан бұл жағдайда ешқандай тыйым салынбайды. Әйел адам мен ер адамның көңіл-күйі мен жыныстық қатынасқа деген ықыласы маңыздырақ болуы керек.

7. ҚЫЛМЫСТЫ ТҮСІК ЖАСАТУ (АБОРТ) ДЕГЕН НЕ?

Ауруханадан тыс жағдайда жасанды жолмен түсік жасату қылмыс болып саналады. Қылмысты түсік жасату ана өлімінің бірден-бір себебі болып саналады.

8. КӘМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРҒА ТҮСІК ЖАСАТУҒА ЖОЛДАМА БЕРУ ҮШІН АТА-АНАСЫНЫҢ КЕЛІСІМІ ҚАЖЕТ ПЕ?

Кәмелет жасына толмағандарға (жасы 18-ге толмаған тұлғалар) жасанды жолмен түсік түсіру ата-анасының (қамқоршысының) келісімі болған жағдайда жасалынады.

9. ТҮСІК ЖАСАТУДЫҢ САЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

Түсік (аборт) – физикалық, психологиялық жарақат және гормональды күйзеліс деп қарастырылады. Түсік кезінде қан кету, жатыр мойнының жарақаты байқалуы мүмкін, түсіктің ерте асқыну жағдайларына - жатыр мен жатыр қосалқыларының қабынуы мен қан кету жатады. Кейінгі (кешеуілді) асқынуға жатыр қосалқыларының созылмалы қабынуларын, етеккір циклының бұзылуын, бедеулік, жүктілікті аяғына дейін көтере алмау, гормональды бұзылыстарды, жатырдан тыс жүктілікті жатқызуға болады.

III. ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОНТРАЦЕПЦИЯНЫҢ ӘДІСТЕРІ

1. ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ ДЕГЕН НЕ?

Бұл ерлі-зайыпты жұптар мен индивидуумдардың қашан, қанша бала қалайтындары туралы ерікті де жауапты шешім қабылдау мүмкіндігі және барлық қауіпсіз әдістерді қолдана отырып, саналы түрде таңдау жасау үшін ақпараттар мен құралдарға ие бола алуы.

2. КОНТРАЦЕПЦИЯ ДЕГЕН НЕ?

Контрацепция – бұл қаламаған жүктіліктің алдын алу.

3. КОНТРАЦЕПЦИЯНЫҢ ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРІ БАР?

Контрацепцияның әр түрлі әдістері бар. Жасөспірімдерге қолдануға рұқсат етілген ең заманауи әдістерінің бірі – ол төменгі дозалы гормональды дәрі-дәрмектер. Сонымен қатар, гормональды әдістерге шұғыл гормональды әдіс те жатады – бұл қандай да бір себептермен басқа әдістер қолдана алмай, жүкті болу қауіпі туындаған жағдайда қаламаған жүктіліктің алдын алу мақсатында қолданылатын әдіс. Бұл жағдайда құрамында 75 мг левоноргестрелі бар препарат қолдануға болады. Бірақ, бұл препаратты бір жылда 2 реттен артық қолдануға болмайды, себебі жоғары дозалы гормондарды жиі қабылдаған жағдайда етеккір циклының тұрақты түрде бұзылуының байқалатындығын естен шығармаған жөн.

Контрацепцияның келесі әдісі – тосқауыл (барьерный) әдісі. Оған әйел адамдар мен ер адамдардың мүшеқап қолдануы жатады. Естеріңізде болсын, тек қана мүшеқап ЖЖБЖ, оның ішінде АИТВ-дан қорғай алады. Сонымен қатар, жатыршілік спиральдар, химиялық спермицидті құралдар, табиғи әдістер, ерікті хирургиялық стерилизация сияқты басқа да кең тараған әдістері бар.

4. МҮШЕҚАП ЖЫРТЫЛҒАНДА НЕМЕСЕ ДӘРІ ІШУДІ ҰМЫТҚАН ЖАҒДАЙДА ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

Шұғыл контрацепция әдісін қолдану қажет, бірақ ол әдісті бір жылда 2 реттен артық қолдануға болмайтынын білу керек.

5. ЖҮКТІЛІКТІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Ұрықтанған аналық жасуша үшін жатыр сілемейлі қорек ортасы және қауіпсіз орта болып табылады, енді ол бөлінбейді, демек келесі етеккір циклы болмайды.

Жүктіліктің тағы бір белгісі, ол – көкіректегі ауырсыну сезімдері, жүректің айнуы, құсу, тәбетпен көңіл-күйдің өзгеруі. Үй жағдайындағы жүктілікті анықтайтын тест арқылы анықтауға болады (ол – зәр құрамындағы хориондық гонадотропин атты заттекті анықтауға негізделген). Жүктілік туралы соңғы қорытындыны тек дәрігер ғана жасай алады!

6. ТОҚТАТЫЛҒАН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ЖҮКТІЛІКТЕН ҚОРҒАНУДЫҢ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛА МА?

Тоқтатылған жыныстық қатынас – бұл ер адамның қатынасты эякуляцияға дейін (шәует шашу) тоқтату. Тоқтатылған жыныстық қатынас – бұл контрацепцияның сенімді әдісіне жатпайды. Шәует шашу сәтін бақылау қиын. Сонымен қатар, үзілген жыныстық қатынасты контрацепция әдісі ретінде қолданғанда алдыңғы эякуляциядан кейін үрпі түтіктерінде қалған шәует қалдықтарынан жүкті болу қаупі жоғары (сперматозоидтың белсенділігі 24 сағатты құрайды) болады. Тоқтатылып жасалынған жыныстық қатынас әдісі жыныс жолдарымен берілетін жұқпалардан қорғай алмайды.

7. ТАБЛЕТКАЛАРДЫ ТЕК ЖЫНЫСТЫҚ СЕРІГІҢМЕН КЕЗДЕСКЕНДЕ ҚАБЫЛДАП, БАСҚА УАҚЫТТАРДА ҚАБЫЛДАМАУҒА БОЛА МА?

Таблеткаларды күнделікті қабылдап жүру қажет.

IV. БӘРІ ДЕ МҮШЕҚАПТАР ЖАЙЛЫ

1. МҮШЕҚАПТЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?

- Мүшеқаптарды тек дәріханалардан алу қажет!
- Жарамдылық мерзімін тексеріңіз!
- Әр кезде жаңа мүшеқапты қолданыңыз. Мүшеқапты зақымдап алмау үшін қаптамасын абайлап ашыңыз.
- Қасаға (пенис) кигізгенге дейін мүшеқапты ашпаңыз.
- Мүшеқапты жыныстық мүше тітіркенген жағдайда кигізу керек.
- Шеткі ұштарын артқа қарай ақырын тартыңыз. Саусақтарыңызбен мүшеқап ұшын басып, тұрып қасаның ұшына кигізіңіз.
- Мүшеқаптың шетінен ұстап тұрып, оны жыныстық мүшенің аяқ жағына бағыттап, тегістеңіз.
- Эякуляциядан соң мүшеқап шетін сырғып кетпестей етіп, жыныс мүшесінентез шығарып алыңыз.
- Эякуляциядан соң жыныс мүшесі шығарылғаннан кейін мүшеқап арқылы немесе жыныс мүшесі арқылы қынапқа жанасуға болмайды.

Есіңізде болсын, мүшеқаппен бірге тек су негізінде жасалған жақпаларды қолдануға болады.

2. МҮШЕҚАПТЫҢ МИКРОТЕСІКТЕРІНЕН ӨТЕТІНДЕЙ АИТВ СОНШАЛЫҚТЫ КІШІ ЕКЕНДІГІ РАС ПА?

АИТВ вирусының көлемінің диаметрі 100-120 нанометрге тең. Ал су молекуласының диаметрі 20-60 нанометр аралығында болады, бұл дегеніміз - АИТВ вирусынан әлдеқайда кішкентай деген сөз. Егер де мүшеқап микротесікері суды өткізе алмаса, демек АИТВ вирусы да одан өте алмайды. Әрине, егер мүшеқап жоғары сапалы және зақымданбаған жағдайда болса!

3. БІРДЕН ЕКІ МҮШЕҚАПТЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖҮКТІЛІКТІҢ ҚАУІПТІЛІГІ АЗАЯТЫНДЫҒЫ РАС ПА?

Жоқ! Керісінше, екі мүшеқапты бірден қолданса, бір-бірімен үйкелісуі нәтижесінде олардың жыртылу қауіпі туындайды.

V. ЖЫНЫС ЖОЛДАРЫМЕН БЕРІЛЕТІН ЖҰҚПАЛАР

1. ЖЖБЖ БЕЛГІЛЕРІ ҚАЛАЙ БАЙҚАЛАДЫ?

Жыныс жолдарының бөлінген белгісіз шығындылар, жыныс мүшелерінің қышымасы, кіші дәреттің ауырып және жиілеп шығуы, денеде бөртпелердің пайда болуы, лимфа түйіндерінің ұлғаюы, анус аймағында құрылымдардың пайда болуы.

2. ЖЖБЖ-ҒА ТЕКСЕРІЛУ ҮШІН ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Тері-венерологиялық диспансерлерге, сондай-ақ, гинеколог, уролог дәрігерлерге көрінуге болады. Тері-венерологиялық диспансерлерде ЖЖБЖ-ға анонимді тексеру кабинеттері жұмыс істейді. Сондай-ақ, сіз жастарға жанашыр клиникаларға баруыңызға болады, онда сізге анонимді тегін тексеру көрсетіледі және дәрігер кеңесін ала аласыз. Ең бастысы есіңізде болсын, ЖЖБЖ-да екі серіктес те ем қабылдаулары қажет!!!

3. ЖЖБЖ-ДАН КЕЙІН БЕЛСІЗ (ИМПОТЕНТ) БОЛЫП ҚАЛУ МҮМКІН БЕ?

Иә, егер ЖЖБЖ қуықасты безінің қабынуымен асқынса (простатит). Простатиттің ұзақ, созылмалы түрде өтуі бірте-бірте потенцияның төмендеуіне (белсіздік) әкеледі.

4. АУЫЗ АРҚЫЛЫ СЕКС БОЛҒАНДА ЖЖБЖ-НЫ ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ауыз арқылы секс кезінде мерез, А гепатиті, В гепатиті сияқты кейбір ЖЖБЖ-дың жұғуы мүмкін. Сол себепті, ауыз арқылы сексте де мүшеқаптар қолдану қажет.

VI. АИТВ ЖӘНЕ ЖИТС

1. АИТВ ЖӘНЕ ЖИТС –БҰЛ ЕКЕУІ БІР ҰҒЫМ БА?

АИТВ (Адамның иммун тапшылығы вирусы) – бұл адамнан адамға беріле отырып, ағзаның иммун жүйесінің бұзылуына әкеліп соқтыратын вирус.

ЖИТС (Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы) – бұл АИТВ-жұқпасының соңғы сатысы. Нәтижесінде вирус адамның иммун жүйесін бұзады, ағза әдеттегі жағдайда ауруларды тудырмайтын, әр түрлі жұқпа қоздарғыштарына қарсы тұру қабілетін жоғалтады. Ағзаның зақымдалуына сәйкес ауру белгілерінің немесе синдромдарының кешені туындайды.

2. АИТВ-ДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Жұқпадан қорғанудың ең тиімді әдісі – жауапты мінез-құлық: жеткілікті ересек жасқа жеткенше сексуалды қатынастардан, есірткіні тұтынудан тартыну. Егер адам жыныстық өмірмен өмір сүретін болса, онда бір ғана жұқпасы жоқ және сенімді серігі болуы қажет. Әрбір жыныстық қатынас кезінде мүшеқапты дұрыс, тұрақты қолдана білу керек.

3. АИТВ ҚАЛАЙ БЕРІЛУІ МҮМКІН?

Жұқпаның берілуінің үш жолы бар: жыныстық, қан арқылы және анадан балаға. Ағзадағы келесідей төрт түрлі сұйықтықтың құрамында АИТВ болса, оның жұғуы басталады: сперма, қынап бөлінулері, қан, ана сүті.

4. АИТВ ҚАЛАЙ БЕРІЛМЕЙДІ?

- Қол алысқанда,
- Сүйіскенде, құшақтасқанда,
- Кітапты, қаламды және басқа да тұрмыстық тауарларды ортақ қолданғанда,
- Әжетхана мен бассейнді ортақ қолданғанда,
- Маса мен кене шағып алғанда,
- Жөтелгенде және түшкіргенде.

5. АИТВ-ҒА ТЕСТТІҢ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС НӘТИЖЕЛЕРІ ДЕГЕН НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

АИТВ-ға тесттің теріс нәтижесі мынаны білдіреді:

- Адам қанының құрамында АИТВ-ға антиденелердің жоқтығын;
- Қарапайым зертханалар талдауларында вирустың өзі емес антиденелер білінеді. Вирустың ағзаға енуіне қарсы жауап ретінде

антиденелер пайда болады. Жұқпаланған сәттен бастап 3 ай ішінде ағзада ортақ зертханалық тестілеулерге қажетті мөлшерде антиденелер қалыптасады. Егер талдау 3 айлық мерзімнен бұрын жасалса, онда қан құрамында АИТВ-ның антиденелерін анықтау мүмкін болмайды. Қан құрамында антиденелердің мөлшері жеткіліксіз болуы себепті, АИТВ антиденелерін анықтау мүмкін болмайтын кезеңді «терезе кезеңі» деп атайды.

АИТВ-ға тестілеудің оң нәтижесі:

- Адам АИТВ-ны жұқтырғандығын білдіреді. Бірақ, талдаудың жеткіліксіз спецификациясына (өзіне тәнділік) байланысты жалған оң нәтижелер болуы мүмкін, мысалы, адам туберкулезге, қатерлі ісікке, т.б. шалдыққанда болады. Сол себепті, АИТВ-ға тестілеу оң нәтиже көрсеткен жағдайда тестілеуден қайта өту қажет.

6. АИТВ-ЖҰҚПАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Алғашқы кезеңдерде АИТВ-жұқпасының белгілері білінбейді. Адам өзінің көңіл-күйінде қандай да бір өзгерістерді байқағанша жылдар өтуі мүмкін, бірақ осы кезең ішінде ол өз серіктесіне жұқпаны жұқтыруы мүмкін.

7. АИТВ ЖҰҚПАСЫ БАР АДАМДА, ЖИТС ҚАНШАЛЫҚТЫ ТЕЗ ДАМИДЫ?

Бұл кезең әртүрлі адамдарда әрқалай болады. Көптеген ем қабылдамаған АИТВ жұқпасы бар адамдарда АИТВ-ға байланысты ауру белгілері 10-15 жыл бойы білініп отырады. Бірақ, АИТВ-жұқпасынан ЖИТС анықталғанша 10-15 жыл, кейде тіпті одан да көп уақыт өтуі мүмкін.

8. АИТВ-НЫ ЕМДЕЙТІН ДӘРІЛЕР БАР МА?

Иә, бар. Қазіргі таңда вирустың қозуын төмендететін көптеген дәрілер жасап шығарылған. Бұл препараттар антиретровирусты препараттар деп аталады.

МЕН БҰЛ ЖАҒДАЙҒА ҰШЫРАСАМ НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК? ОЛ ТУРАЛЫ КІММЕН СӨЙЛЕСУГЕ БОЛАДЫ?

Дұрысы бұл жайлы мамандармен сөйлесу қажет. Егер де сен ұялатын болсаң, уайымдама. Сен сияқты саған көмек беретін балалар да бар.

Біздің сайтымызға www.y-peer.kz немесе www.ypeerastana.kz кіріп, сені мазалаған сұрақтарға сенімді де қарапайым жауаптар ал.

Сондай-ақ, бізге Facebook, Twitter және Вконтакте желілерінде қосыл:
[Y-peer Kazakhstan](#).